

Ата-аналармен өткізілген челлендж туралы

Тақырыбы: «Жан жылуын сыйлаймыз»

Өткізілген күні: наурыз

Қатысушылар: Топ ата-аналары, тәрбиеленушілер және тәрбиеші

Ұйымдастырушы: Педагог- психолог К.Иманғалиева

Мақсаты:Ата-ана мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасты нығайту, мейірімділік, қамқорлық, сүйіспеншілік және өзара қолдау құндылықтарын қалыптастыру.

Өткізілу барысы:

«Жан жылуын сыйлаймыз» атты челлендж ата-аналармен бірлесе ұйымдастырылды. Челлендж барысында ата-аналар балаларымен бірге жылы лебіздерін білдіріп, бір-біріне жақсы сөздер айтып, жағымды көңіл күй сыйлауға бағытталған жұмыстар жүргізді.

Ата-аналар балаларымен бірге мейірімділікке, қамқорлыққа тәрбиелейтін шағын тапсырмаларды орындады: баласына жылы сөз айту, бірге уақыт өткізу, қолдау көрсету, отбасылық құндылықтарды дәріптеу бағытында бейнероликтер мен фотоматериалдар дайындады.

Челлендж барысында ата-аналар белсенділік танытып, өздерінің шығармашылық жұмыстарымен бөлісті. Іс-шара балалардың эмоционалдық дамуына, ата-ана мен бала арасындағы сенімді байланысты нығайтуға ықпал етті.

Қорытынды:

«Жан жылуын сыйлаймыз» челленджі өз мақсатына жетіп, ата-аналар мен балалардың жағымды қарым-қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ата-аналарға балаға күнделікті мейірім мен жылы сөз айтудың маңыздылығы түсіндірілді. Осындай бірлескен іс-шараларды алдағы уақытта да жалғастыру ұсынылды.